



ӨЗЕН

№5 (26) МАМЫР 2018 Ж. | «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Құрметті мұнайшылар!



Мамыр айы – мейрамға толы ай. Мемлекеттік мерекелер көшін алғашқы тәулігіндегі ұлттарды ұйыстырған тамаша атаулы күн бастайды. Сіздерді 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі, 7 мамыр - Отан қорғаушылар және 9 мамыр - Ұлы Жеңіс мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын.

Қай заманда болмасын елін, жерін қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Ұлы Отан соғысы кезінде қаншама жан фашист оғына қаймықпай кеудесін тосып, бүгінгі біздің бақытты өміріміз үшін басын бәйгеге тікті десеңші?!

Аты өшкір зұлмат соғыс тарих бетіне көшіп, алыстағанымен көңілден кетіп, жүректерден өшпек емес. Өйткені бұл соғыс аналарымызды жесір, бұғанасы қатпаған балаларымызды жетім етті.

Ел басына күн туған заманда аталарымыз бен аналарымыз жаумен шайқаса жүріп, өзінің Отан алдындағы азаматтық және патриоттық парызын абыроймен орындап шықты.

Бұл мереке - батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы.

Ашық аспан үшін, сайраған құстардың үні үшін, сыңғырлаған сәбидің күміс күлкісі үшін біз Оларға тағзым етіп, басымызды иеміз. Айтулы күні көзі тірі батырларымызға көрсетілер құрмет те айрықша болмақ. Біз олардың жүзін мұңға шалдырмай, көңіліне кірбің түсірмеу үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеп жүрміз деп ойлаймын. Отанды, елді, туған жерді сүюдің биік үлгісі болған Олардың өмірі - біздер үшін өшпес өнеге!

Мерекелер құтты болсын дей отырып, баршаңызға зор денсаулық, жарастықты көңіл күйі, баянды бақыт, отбасыңызға береке-бірлік тілеймін!

Ізгі тілекпен: Бекзат Абайылданов, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры.

Татулық пен бірліктің мерекесі

1 мамыр – Қазақстан Халықтарының бірлігі күні. 1995 жылдың наурызында елімізде мекен етіп жатқан әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетіп, барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылған болатын. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Бұдан бөлек, 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні ретінде белгіленіп, жыл сайын дәстүрлі түрде барша ел тойлап келеді. Шынайы достықты қамтамасыз ететін мереке ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды арттырады.

Мемлекеттік маңызы айрықша мерекені Жаңаөзен халқы жыл сайын жоғарғы деңгейде атап өтіп жүр. Биылғы бірлік мерекесі қала басшылығы бастаған, мемлекеттік, өндірістік, коммуналдық, жеке меншік әртүрлі мекемелер қостаған, жаңаөзендік барлық өнерпаздар жұмылдырылған үлкен мейрам ретінде аталып өтті. Шараға 8 мыңдай жаңаөзендік қатысты. Бейбітшілік көшесі «Мұнайшы» алаңының бойына сахна қойылып, жолдың екі шетіне тұрғындар жағалай орналасты. Қала әкімі Әділбек Дауылбаев татулығы жарасып, ел ертеңінің берекелі болуы үшін ортақ мүддеге тоғысқан қала халқына алғысын білдіріп, ізгі тілегін жеткізді.

– Бірлігі мен берекесі жарасқан мұнайшылар қаласының әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірі үлкен жетістіктерге толы. Жыл санап қаламыз бен оған қарасты елдімекендер ажарланып, көркейе түсуде. Биыл қаламыз үшін ерекше жыл. Қаламыздың 50 жылдығын атап өтіп жатырмыз. Бұл жетістіктер ауызбіршілік пен ынтымақтастықтың арқасы, бейбіт өміріміздің дәлелі. Бірлігіміз баянды, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, татулығымыз мәңгі болсын, ағайын! - деді қала әкімі.

Қала әкімінің құттықтау сөзінен кейін батырдың киіміндегі аттылар мерекелік шеруді бастап, еліміздің Туын көтеріп Бейбітшілік көшесі бойымен алғашқы болып жүріп өтті. Бұл тізбекті ізінше қала жастарының колоннасы «Жаңаөзен жастар ресурстық орталығы» КММ, Ауған соғысы ардагерлері жалғастырып өкетті. Сондай-ақ шеруге безендірілген автокөлікпен шыққан мұнай мекемелері «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Бұрғылау» ЖШС, ҚазГӨЗ, «Мұнайфилдсервис» ЖШС, «Өзенмұнайсервис» ЖШС, тігін цехы «Жанарыс» ЖШС, коммуналдық сала мекемелері «Өзенинвест», «Өзенжылу», «Тазалық» «Өзенэнергосервис», мемлекеттік қызметкерлер, қала, Қызылсай. Теңге, Рахат ауыл әкімдіктерінің қызметкерлері, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жаңаөзен өңірлік филиалы, денсаулық сақтау мекемелері, әлеуметтік сала қызметкерлері, Білім бөлімі, мектептер, балабақшалар, 5 колледж, спорт және мәдениет саласының өкілдері қатысты. Әрбір жүріп өткен мекемелер жөнінде өзірленген репортаждар оқылып, бейбітшіліктің белгісі ретінде шар мен ақ кептер ұшырылды. «Мұнайшы» мәдениет үйі, Оқушылар шығармашылық үйі және М.Өскінбаев атындағы балалар саз мектебі өнерпаздары бірігіп «Достық биін» билеп, шеру үш мәдениет ордасы, яғни «Мұнайшы» «Атамұра», «Шаңырақ» мәдениет үйлерінің әншілері шыққан «Атамекен» әнімен қорытындыланды. Мереке қала өнерпаздарының дайындаған мерекелік концертке ұласты. Оған қоса, қала тұрғындары арасында суретшілер байқауы ұйымдастырылып, балаларға бейбітшілікті бейнелеуге мүмкіндік жасалды.

Сәні мен салтанаты жарасып шеруде сап түзегендердің арасында компаниямыздың 100 қызметкері мен 40 жас маманы болды. Алдын ала дайындалып, қаланың қоғамдық өміріне белсене араласатын мұнайшылардың қашан да мәртебесі биік.





БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА



Отан қорғау – ортақ іс

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні. Айтулы мерекеге орай басшының уақытша міндетін атқарушы Мәжит Құрманов, әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімінің басшысы Қанат Егізғарин бастаған Бұрғылау жұмыстары басқармасының ұжымы жылдағы дәстүрін бұзбай, мекемедегі Ауған соғысына, Чернобыль АЭС-тің апаттық салдарын жоюға қатысқан және Семей полигонында зардап шеккен қызметкерлердің басын қосып, салтанатты шара өткізді. Басқармадағы Бердіхан Қалдыбеков, Сайын Өмірбаев, Жұмадулла Ақбаев, Сағат Бермағанбетов, Саламат Ілиясов, Махсет Хасенов, Құдайберген Әбілханов, Талғат Исаев, Ақмұрат Сарыев, Қайрат Мұсаев, Зұлқарнай Мырзабеков, Ахмет Абышев, Рзабек Берекетовтер қатысып, өздерінің өткен күндерінен естеліктер айтты. Жиында бөлім басшылары, тәжірибелі қызметкерлер тілек айтып, жастық шақтарында ерлік жасаған аға буынның елге қызмет етіп жүре берулеріне тілектестік білдірді. Мерекеде мерейі өскен жандар ақ дастарханнан дәм татып, әсем ән тыңдады. Ұжымдастарының сый-құрметтеріне разылықтарын білдірді.

Айта кетейік, «Өзенмұнайгаз» АҚ ұжымдық шартта көрсетілгендей жыл сайын мереке қарсаңында аталмыш санаттағы азаматтарға сыйақы береді. Биыл да белгіленген қаржылай сый үлестірілді.



Ешкім де, ешқашан да ұмытылмақ емесі

Қаламыздағы «Даңқ» аллеясында Ұлы Жеңістің 73 жылдығына орай салтанатты шара өтті. Митингке жиналғандар мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, Отан үшін жанын пидә еткен ата-бабалар рухына Құран бағыштады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Қылышбекұлы қаламыздағы көзі тірі 1 соғыс ардагері мен 72 тыл ардагерлеріне арнап мерекелік дастархан жайып, ардақты жандарға сыйлық тапсырды.

«Жеңіс күні біз үшін қастарлі де қасиетті күн болып саналады. Бұл күні біз зұлмат соғыста қыршынынан қиылған боздақтарды еске алып, олардың өшпес рухтарына басымызды иіп, тағзым етеміз», – деді бас директор.

Солдат асханасынан дәм татқан ардагер ағалар «біз көрген жоқшылық пен аштықты ұрпағымыз көрмесін, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын» деп азаматтарға батасын беріп, алғыстарын жеткізді.

Жергілікті өнерпаздар соғыс жылдарындағы әндерді шырқап, ардагерлерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛУІМІЗГЕ БАСТЫ СЕБЕП — МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРІСІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ

Елімізде 130-дан аса ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Халықтардың бірлікте бір ту астына жиналуы Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында орын алып отыр. Өзара түсіністік, сыйластық, әр түрлі ұлт өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпы халықтық қасиеттерді қалыптастыруға әсер етуде. Нәтижесінде әрбір ұлт Ата заң негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына сіңісе білді. Әсіресе діні бір, тілі ұқсас халықтардың бір мемлекетте өмір сүруі аса қиындық туғызбай отыр. Мұны компаниямызда қызмет ететін өзге ұлт өкілдері Арсен Шихсаидов пен Разилия Мурадымовалармен сұхбаттасқанда аңғардық.



РАЗИЛИЯ АМИРҚЫЗЫ МУРАДЫМОВА

1960 жылы Башқұртстан Республикасында өмірге келген. Ұлты – башқұрт. Сол жақтан орта білім алып, Ишимбай мұнай техникумынан техник-механик мамандығын меңгереді. Арнаулы орта білімді ала жүріп, өндірістік тәжірибеден өтуге 1979 жылы қазіргі «ҚазГӨЗ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне келеді. Сол жерде өзіне жүктелген міндетін атқарады яғни зауытта механиктің көмекшісі болып жұмыс жасайды. Тәжірибесінің уақыты аяқталғасын еліне қайтқан ол Өзенді аңсайды да тұрады. Сонымен оқуды бітіріп, дипломды қолға алысымен мұнайшылар қаласына қарай аяңдайды. «Ел ішінде қаладан қалаға қоныс аудару емес, мемлекеттен мемлекетке көшуіңізге не се-

беп болды?» деген сұрағымызға жүзі жылы Разилия: «Зауыт ұнады. Маған Өзен қаласы ұнады. Ұлттар өте тату тұрды, адамдары жайсаң, бауырмал еді. Орталықтағы би алаңын айтсаңызшы?! Соның бәрі менің Қазақстанға қоныс аударуыма себеп болды. Жұмыспен келіп, бүкіл өмірімді осы қалаға арнағаным еш өкінбеймін», – дейді.

Өріптестері Роза деп атап кеткен башқұрт қызы Разилия зауытта еңбек жолын жалғайды. 1988 жылдан бастап МГӨБ-ке ауысады. Қазақстаннан жоғары білім алады. Бүгінде «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты №1 Мұнай-газ өндіру басқармасында инженер механик болып қызмет атқарады. Разилия өмірлік серігін де мұнайлы өлкеден тапқан. Осы жерде татар ұлтының азаматына тұрмысқа шыққан. 1 ұл, 1 қызынан немере-жиен сүйіп отыр. Қазақ тілінде еркін сөйлейтін ол тіл үйренудің қиын болмағанын, қазір тіпті барлық құжатты қазақша толтырып отырғанын айтады. Ең қызығы, Разилия отбасының барлық қуанышында дастарханына жиналатындар қазақтар екен. «Ұлым үйленіп, қызым тұрмысқа шыққанда құдалардың алдынан өтуге қазақ көршілерім барды. Той-мерекелерімнің барлығының жоғарғы деңгейде өтуіне атсалысатын сол көршілерім, жұмыстастарым, достарым», – дейді.



Арсенді бір көрген адам аса мән беріп қарамаса, өзге ұлттың өкілі деп ойламауы да мүмкін. Түрі, тілі қазаққа ұқсас. Ақ-жарқын, жан-жағылармен жылы жүз десіп, жеңіл ғана әзілдегіп жүретін **АРСЕН ШИХ-САИДОВ** Ресейде туған. Маңғыстаудың ауасын жұтып, өмір сүруіне мұнайшы әкесінің жұмыс бабымен келуі себеп болған. 1981 жылы әкесі Абдулнасир қызметінің реттерімен Өзен қаласына келеді. 1985 жылы бір жасар ұлымен жанұясын көшіріп әкеледі. Ноғай ұлтының бүтін бір отбасы осылайша қазақтың жеріне қоныстанады. Әкесі №5 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында жұмыс жасайды. Қазір Арсеннің өзі әке жолын жалғап осы мекемеде 2010 жылдан бері абыройлы қызмет

атқарып жүр. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі инженері Мәскеуден жоғары білім алған білікті маман. Жанұяда 2 ұлдың үлкені. Қазақша сөйлегенде тілі жатық, жанындағыларға бауырмалдық танытып отыратын Арсеннен тіл үйренудің қаншалықты оңай болғанын сұрағынымызда «Біз дініміз бір – мұсылмандармыз. Тілімізде де үйренуге қиындық туғызатын айырмашылық жоқ. Өте ұқсас. Оның үстіне менің балалық шағымның бәрі осы бір қазақы қаймағы бұзылмаған жерде өтті ғой. Достарым да - қазақ» – дейді ол. Қазақстанды Отаны санаған өзге ұлт өкілдері де ел экономикасының артуына, әл-ауқатының күшеюіне үлестерін қосуда. Жас та тәуелсіз көпұлтты мемлекет үшін әр тұрғынының бағасы биік.



Бас директор жас мамандармен кездесті

Компанияның бас директоры Бекзат Абайылданов жас мамандармен кездесті. Жиынға білімді, айтары бар жастар жиналды. Кеңестегі бойында бұлқынған бұла қуат, қайрат-жігері бар дарынды қыз-жігіттердің барлығы «Өзенмұнайгаз» АҚ аппарат басқармасының залынан табылды.

Алдымен Жас мамандар кеңесінің төрағасы Бауыржан Бәйімбетов 2017 жылы атқарылған, сондай-ақ 2018 жылы бүгінге дейінгі жасалған жұмыстарымен жиналғандарды таныстырды. Ол үздіксіз өткізіліп келе жатқан «Ой дода» интеллектуалдық ойынында көрінген жастардың шексіз эрудициясын айта кетті. Сенбілік, қайырымдылық, инновациялық жобалар байқауы, «Жайдарман» ойындарынан жеткен жетістіктерді слайд арқылы көрсете отырып, баяндады.



Ез сөзінде: «Келер заман ой тереңдігі, өре биіктігі бәсекесінің заманы екенін біз жақсы түсінгендіктен, техникаға, өнертапқыштыққа құмар жастарға арналған рационализаторлық жастар байқауын өткізіп келеміз. Аталмыш байқаудың мекеме аралық кезеңдеріндегі жеңімпаздары «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ-ға қарасты компаниялар арасында топ жарып жүр. «Кез келген елдің болашағын көргің келсе, сол елде тұрып жатқан жастардың тыныс-тіршілігіне қара» деген сөз бар. Сондықтан жастардың айналысып жүрген іс-әрекеттерінен аға буын хабардар болып отыруы тиіс» деп біз осы кезге дейін атқарған жұмыстарымыз бойынша есеп бере кетуді жөн көрдік», – деді ол.



Жас мамандар кеңесі – компаниядағы жастар саясатын белсенді жүргізіп келе жатқан беделді ұйым. Бес жылдық тарихы бар кеңестің көшер өзендері мен теңіздері, жүрер соқпақтары мен жолдары әлі алда екенін айтты олар.

Компания бас директоры Бекзат Қылышбекұлының өндіріс жұмысының қауырттығына қарамастан, уақытын бөліп, жастармен кездесуге келуі - компания басшылығының жастар

саясатына қаншалықты мән беретінін көрсетті. Жиында сөз алған Бекзат Абайылданов:

– Жас мамандар кеңесінің есебін тыңдадық. Өте ауқымды жұмыстар атқарылған екен. Осы орайда барлық атсалысқан жастарға, әріптестеріме ризашылығымды білдіремін.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен елімізде мемлекеттік жастар саясаты маңызды стратегиялық сипат алып, білім мен ғылымға, жастар тәрбиесі мен оқытуға, оларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеуге ерекше мән беріліп отыр.

«Өзенмұнайгаз» АҚ өз кезегінде тек сөзбен емес, нақты іспен жастар саясатын қолдап келе жатқан бірден-бір компания. Оған дәлел – былтырғы 2017 жылы 9 млн. теңге, ал биыл 2018 жылға 14 млн. теңге көлемінде бөлінген қаражаттар.

Жас мамандар кеңесіне әр басқармадағы цехтардың жастарын тарту керек.

Елбасымыз бір сөзінде қоғамдағы миротократия қағидасын басып айтты. Дарынды жастарды кадрлық дайындау, өсіру нәтижелі болуы үшін ашық кадрлық саясат жүруі керек. Мысалы мен де өзімді жаспын деп есептеймін және маған да кезінде алдыңғы буын ағалар сенім білдіріп, лауазымдық өсуіме, өзімді көрсетуіме мүмкіндік берді. Айтарым, басқарма директорлары аталған мәселеде өзін жақсы көрсеткен, дарынды, білімді жастарды кадрлық резервке тіркеп, жағдай жасауыңызды тапсырамын. Сонымен қатар, персоналды басқару және дамыту департаментіне осы мәселені жүйеге келтіріп, ортақ ереже бекітілуін тапсырамын.

Бүгінгі таңда 18 бен 35 жас аралығын қамтитын 3000-ға жуық жас мамандар қызмет атқарады.

Компания жастары бірігіп жұмыс істесе, бағындырмайтын белес, алмайтын асу жоқ.

Сондықтан өзім басшылық етіп отырған Компания жастар саясатын әрдайым назарда ұстап, жастардың жан-жақты дамуына барлық жағынан тиісінше қолдау білдіретінімді Сіздерге жеткізім келеді. Алға, жас мамандар!» деді.

Компанияның абырой-беделі, жастар саясатын белсенді жүргізудегі табысты еңбектері үшін бір қатар жас мамандар бас директордың «Алғыс хатымен» марапатталды. Жиында Өркен Түйебаев, Ахмет Баякешов сынды жыршы, күйшілер өнер көрсетсе, Арғынбек Қалбай бастаған «Өзенмұнайгаз» жайдарман құрамасы көпшілікті күлкіге кенелтті.

Бабалар жүрген ізбенен...

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Бабалар жүрген ізбенен» атты 2 күнге созылған танымдық экспедициясы әрбір жас маманның көкірегіне патриоттық сезім ұялатты деп айта аламыз.

Экспедиция құрамы 45 жас маман мен БАҚ өкілдерінен тұрған болатын. Топ өздерінің сапарын Айрақты, Шерқала тауларынан бастады. Содан соң жылжи отырып, Самал шатқалында жыл он екі ай бойы тоқтамай ағып жататын балдай дәмді бұлақтан сімірді. Шатқалда өсіп тұрған долана, тікенді бұта, қамыс көптеген дәрілік өсімдіктермен танысты. Ақмыш бағын тамашалаған туристер осы маңайда ат шалдыртып, түскі тамақ ішіп, тыңайып алды. Шіркін, таза ауада ішілген тамақтың жөні бір басқа екен. Тәбет ашылып, жігіттер қуырған қуырдақ пен қыздар өзірлеген шәйді ішті.

Жас мамандар құрамындағы өнерпаз әнші Ерлан Жұматов гитарамен ән салып, топтың көңілін көтеріп отырды. 10-16 ғасырға тән Кенті баба қорымындағы қойтастарды көрген жастар басын шайқап, таңдайын қақты.

Экспедицияның гиді Құралай Шақпақ Ата, Сұлтан үпі жерасты мешіттерінің саналы адам баласын даналыққа жетелейтіндігін, бабалар салған қылуат нәпсіге ереміз деп өміріміздің мәнін жоғалтып алғанымызды есімізге түсіретіндігін айтады.

Қазақтың «көп ұйықтасаң-түс көресің, көп жүрсең-іс көресің» дегені рас екен. Өзенмұнайгаздықтар бабалары жүрген ізбенен жүріп, шексіз кең аспан, шетсіз жер арасында жел айдаған қаңбақтай қай сайдан шығып, қай сайда қалары белгісіз баянсыз тірлікте, адамның адамға деген кәусар махаббатынан өзге ұлы сезім болмайтынын, одан өткен, одан зор тірлікте байлық болмайтынын ұғынғандай болды.

Жас мамандар кеңесінің төрағасы Бауыржан Бәйімбетов «Туған жердің әр түйір топырағынан қасиет іздеу, әр тал шөбіне үңіле білу азаматқа лайық іс. Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер киелі Маңғыстауда туып, Маңғыстауда өлген адамның арманы бар ма екен?! Табиғаттан әсерлене білетін адам үшін түз сапары үлкен ғанибет»-дейді.

Екі күнге созылған экспедициядан жас мамандар керемет әсер алып, ойланып, рухани байып, нұрланып қайтты.





КӨРІНБЕЙТІН КӨП ЕҢБЕК

«Өзенмұнайгаз» АҚ – өндірістік мекеме. Ірі мұнай өндіру компаниясының қорғалуға тиісті заңды құқықтары мен мүдделері бар. Сондай-ақ Қоғамның жұмыс үрдісін бақылау, қадағалау, құқықтық жағымсыз әрекеттердің алдын-алу бойынша жұмыстардың барлығы Құқықты қамтамасыз ету департаментінің еншісінде. Газетіміздің осы санында Құқықты қамтамасыз ету департаментінің директоры Сенбай Нұрғалиұлы Бекежановпен сұхбаттасқан едік.

– Сенбай Нұрғалиұлы, Сіз басқарып отырған департаменттің жүгінің жеңіл еместігін білеміз. Нақты қандай жұмыстар атқару құзіретіне кіреді?

– «Өзенмұнайгаз» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясының және қолданыстағы заң талаптарының аясында ұйымдастырады.

Компанияда күнделікті атқарылатын қызметтердің, жасалатын жұмыстардың, қабылданатын шешімдердің қолданыстағы заң талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету, Құқықтық блок яғни Құқықты қамтамасыз ету департаментінің еншісінде.

Компанияның заң талаптарына сәйкес жұмыс жасауы және оның күнделікті іскерлік қатынастарда көрініс табуы – Компанияның болашағына және өсіп-өркендеуіне кепілдік боп табылады.

– Мұндай жұмыстарды атқару барысында Құқықтық қамтамасыз ету департаменті қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктері үлкен рөл атқара ма?

– Әрине, мұндай кепілдік, тек қана жоғары деңгейдегі кәсіби маман иелері – заңгерлермен іске асырылады.

Мемлекеттік бақылау, қадағалау, құқық қорғау, сот органдарында Қоғамның заңды құқықтары мен мүдделерінің тиісті деңгейде қорғалуы жө-

не Компанияға қатысты мәселелердің оң шешімін табуы, департамент заңгерлерінің жоғары кәсіби қабілеттігін дәлелдейтін бірден-бір көрсеткіші екені даусыз.

Компанияның құқықты қамтамасыз ету департаменті, әлемдегі компаниялардың Құқықтық блогтары сияқты – өндірістік-шаруашылық жұмыстар бойынша корпоративтік шешім қабылдау барысында туындайтын құқықтық жағымсыз әрекеттердің алдын-алатын - тәуекел менеджері ретінде әрекет етеді.

Сонымен қатар Департамент заңгерлері Қоғамның барлық салаларының қызметтері бойынша құқықтық көмек көрсетіп, шешім қабылдауға өз септігін тигізуде.

Жұмыс барысында заң нормаларының бір-біріне қарама-қайшылығы туындаған жағдайда, департамент жұмыскерлері, тиісті құзіретті мемлекеттік органдар арқылы заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұдайы атсалысады.

Сондай-ақ жекелеген еңбек дауларының бейбіт түрде шешілуін қамтамасыз ету, Қоғам мен кәсіподақ жұмыскерлеріне заң нормаларын түсіндіру мен жеткізу жұмыстары, тұрақты түрде жолға қойылған.

– Департаменттің көзге көріне бермейтін көп жұмыстарының бірнешеуін айта кетсеңіз?

– «Өзенмұнайгаз» АҚ дербес заңды тұлға болып, өз қызметін бастағаннан бері департамент мамандарының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде Қоғамға елеулі кіріс келтіріп қана қоймай, Қоғамның имиджін республикалық деңгейге көтерді. Дәлірек айтсақ:

1. Соңғы бес жыл ішінде Құқықты қамтамасыз ету департаменті тарапынан сын-талап жұмыстарын жүргізу нәтижесінде Қоғамға 6 млрд. теңгеге жуық пайда келтірілді.

2. Өткен жылдары мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының Қоғамға қатысты қолданған құны: бірнеше жүздеген миллиардтар құрайтын айыппұлдарды, сот органдары арқылы Департамент заңгерлері жоққа шығарды.

3. Соңғы 30-40 жыл ішінде шешімін таппай қордаланып қалған Қоғамның контрактілік аумағынан тыс орналасқан тарихи мұнай қалдықтары, сот шешімі арқылы иесіз деп танылып, коммуналдықтан республикалық меншікке өтті. Ал Қоғамның контрактілік аумағындағы тарихи мұнай қалдығының заңдық статусы сот шешімімен анықталды.

– Осы сияқты күнделікті тынымсыз атқарылатын жұмыстар нәтижесінде Компанияның заңды құқықтары қорғалып отыр ғой?

– Иә, Компаниядағы Құқықтық блоктың ұйымдастыруымен атқарылған ауқымды жұмыс жетерлік. Соңғы жылдары мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарынан және сыртқы ықтимал өнім берушілер тараптарынан Қоғамға қолданылатын күрделі айыппұлдар мен арыз-шағымдар саны күрт азайып, қазіргі таңда ондай күрделі фактілер жоқ десе де артық емес.

Қоғамға қарасты 28 құрылымдық және 17 өндірістік құрылымдық бөлімше қызметтерін Департамент тарапынан құқықпен қамтамасыз ету жұмыстары күнделікті және тұрақты жүргізілуде.

– Сұхбатыңызға рахмет! Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан: Индира СӨТЕНБАЕВА.





БІЗ «ӨМГ» ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИЛІГІН АРТТЫРАМЫЗ

Жұмысшы мамандарды оқыту және олардың кәсіби білігін арттыру – қажеттілік. Техникалық мамандардың сапасы мен белсенді өндірістік қызметі әрбір мемлекеттің экономикалық дамуының өлшеміне айналды. Сол себепті жұмысшы мамандарды даярлайтын оқу орындарының дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта компанияда 2007 жылдың 28 қарашасында Корпоративтік оқу орталығы жұмысын бастады.



Нұрғали Нұрлыбайұлы Молжігітов – «Өзенмұнайгаз» АҚ Корпоративтік оқу орталығының басшысы «Жұмыскерлердің білімді болуы әр компания үшін маңызды. Осы орайда құрылған Корпоративтік оқу орталығы бүгінде жұмысын жүйелі 3 бағытта жүргізіп отыр. «Азаматтық қорғаныс заңы» бойынша қауіпті өндірістік нысандарда жұмыс жасайтын адамдар жылына 1 рет білімін тексеруге міндеттелген. Мақсат айқын болғандықтан, нақты жоспар құрылып, жылына компания жұмысшыларын, инженер-техникалық қызметкерлерін оқытамыз, біліктіліктерін арттырамыз. Бұл біздің шағын ғана ұжымымызға жүктелген үлкен міндет. Оны абыроймен атқарып келеміз. Мамандарымыз білікті, 3 жыл сайын өкілетті органдарға емтихан тапсырамыз. Ал биыл Инвестиция және өндірістік қауіпсіздік комитетіне барып, сынақтан өттік. Одан өтпесек, сабақ беруге құқығымыз жоқ! Айта кетейін, сынақтан сүрінбей өттік деу аз, үлкен мадақ-мақтаумен өттік. Комитет қызметкерлері тарапынан жоғары баға алдық. Біздің ұжымның емтихан тапсырушылары арасында 90 ұпайдан төмен алғаны болмады. 6 қағида бойынша дайындалған 1725 сұрақтан келген 100 сұраққа жауап беру Корпоративтік оқу орталығы қызметкерлері үшін түк те болмады. Мұны неге айтып отырмыз? Егер орталық кадрларының өздері сауатсыз болса, тыңдаушылар яғни осы жерге білімін толықтыруға келетін жұмысшылар жеткілікті деңгейде білім алмаған болар еді. Оған қоса әдістемелік құралдарымыз жаңа, оқу үрдісіне сай жаңғыртылып әзірленген. Заңдар мен өндірістік терминдер сөздігі орыс тілінде болғандықтан әдістемелік құралдар жасау оңайға соқпайды. Ең бастысы, әр мамандықтың өзіне тиесілі әдістемелігі жасалып, білім беріліп отыр. Бізге өзге оқу орталықтарының мамандары қызығады. Күнделікті жұмыстармен бірге бізде жыл сайын «Үздік маман» байқауының теориялық бөлімі өткізіледі. Алға қойған жоспарларымыз да жетерлік. Болашақта оқу орталығын халықаралық деңгейге шығарғымыз келеді, ол дегеніміз мамандарымыз шетелдік үлкен компанияларда білім алып, тәжірибе жинап келсе дейміз. Сондай-ақ өндірістік қауіпсіздікті тереңірек оқыту мақсатында тренажерлар алуды да көздеп отырмыз».

Корпоративтік оқу орталығының жалпы аумағы – 5612 шаршы метр. Оған әкімшілік ғимарат, оқу-көрсету ауданы және оқу кластары кіреді. Ал жаттығу алаңы 20440 шаршы метрді құраса, оның әкімшілік ғимаратымен қоса тренажер-имитаторларды орналастыруға арналған 4 оқу класы бар.

Орталық мұнай-газ өндіру операторы, электрик, электрденекерлеуші, теміржолшы, слесарь-жөндеуші сынды барлығы 182 мамандық бойынша кәсіби білікті кадрларды даярлап отыр.

Негізгі бағыты: Қауіпті өндірістік объектілердің мамандарын өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша даярлау, қайта даярлау; Ақпараттық технология-



ларды және қашықтықтан оқыту болып табылады. Корпоративтік оқу орталығының техникалық базасы жақсы деңгейде. 100-ге жуық компьютер, мультимедия және интерактивті тақта жұмыс жасайды. Ғаламтор кеңістігі, электрондық оқулықтарды пайдалануға мүмкіндік бар. Арнаулы мамандықтарды дайындау бойынша 5 үлгі кабинет, кітапхана т.б. қолданыста.

2007-2015 ж.ж. аралығында орталық басшысы болып Мақсұт Есбосынов қызмет атқарды. Өз уақытында мекеменің дамуы мен білім беру ісіне сүбелі үлесін қосты.



2015 жылдан бастап қазіргі таңға дейін Корпоративтік оқу орталығын тәжірибелі де білімді маман Нұрғали Молжігітов басқарып келеді.

Бас техникалық жетекші Өтеген Ибрагимов, жетекші экономист Айнұр Тобақылова, әдістемелік бөлім басшысы Гүлнар Тоқбанова, жетекші инженерлер Рзабек Құлмағамбетов, Бақытжан Маджиков, өндірістік оқу ісінің шеберлері Маржан Менливали, Гүлзада Жұбаева, Гүлнара Ахмедеева, Қалдыбай Орынбасаров, Гүлмира Нұрлан, Эльвира Қожырова, Әйгерім Туkenова, оқу ісінің инженерлері Гүлнара Көшербаева, Мұрат Ақын, Гүлмира Құрманғазиева және әдіскер Қайрат Арғынбаевтар мекеменің сапалы қызметі мен жағымды имидждік келбетін сақтауға аянбай еңбек етіп отыр.

Мекеме құрылғалы 10 жылға жуық уақыт тапжылмай, белсенді қызмет етіп келе жатқан Гүлнар Тоқбанова, Маржан Менливалиларды атап айтуға болады. Жоғарғы білімді мамандардың Компания келешегіне сіңіріп жатқан еңбектерін ескерген жөн. Ал корпоративтік оқу орталығы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның әр қызметкерінің кәсіби білігін арттыруға жұмыстана береді. Себебі мұндағы мамандар білімсіз кадрдың компания үшін қорқынышты екенін жақсы біледі.

Гүлнар Тоқбанова – Әдістемелік бөлім басшысы

«Менің оқытушылық тәжірибем Мұнай және газ колледжінен басталған. Сондықтан бұл жердегі әдістемелік жұмыстарды атқару қиынға соқпайды. Көпжылдық еңбегімді тиімді пайдаланып, әдістемелік құралдар енгіздім. Жұмысшылардың өндірістегі іс-әрекеттері жөнінде бағдарламалар жазып, біліктілік санатын көтеру үшін тест сұрақтарын да құрастырдым. Бүгінде біз қызметкерлердің білім деңгейін компьютер жүйесімен тексереміз. Орталығымызда жаңашылдық көп».



Маржан Менливалиқызы Менливали – өндірістік оқу ісінің шебері

«Кәсіптік білім – болашақ маманға білім, іскерлік, дағды ғана емес, ол жеке тұлғаны қалыптастыру жолы» деп білемін. Қаншама жыл осы жерде оқытушылық қызмет атқарып келе жатырмын, әрине, оп-оңай жұмыс деуге келмейді. Алдымызға келетіндер – бала емес, пікірі қалыптасқан әр түрлі жастағы азаматтар мен азаматшалар яғни ересектер. Оларға курстық білімді берумен қатар тыңдаушылармен жақсы қарым-қатынас құра алу да маңызды. Біз сондықтан адам жанын түсінуге тырысатын психологпыз, өндірістік қызметтің қауіпсіздігін меңгертетін оқытушымыз. Осыншалық жүктелген міндетіміздің бар екенін түсінген сайын іздену мен оқуды тоқтатпаймыз».

«ҚазМұнайГаз» кемелдену жолында — еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды әр адамның жеке ісіне айналдыру

Біз соңғы үш жылдың қорытындысын келтіре отырып, өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуде маңызды табыстарға қол жеткізгенімізді мойындауға болады. Дегенмен, біз өз қызметкерлеріміздің, активтердің және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған күшімізді ұдайы жұмсауға тиіспіз.

Өз саласының нағыз көшбасшысы болу үшін қауіпсіздік мәселесі әрқайсымыз үшін негізін қалайтын құндылықтардың бірі болуы тиіс.

Сондықтан мен Сіздердің әрқайсыңызды шын мәнінде «ҚазМұнайГаз» әлемдік деңгейдегі компания болу үшін жұмысымызды қалай орындайтынымыз және не жасай алатынымыз туралы жаңаша ойлауға шақырамын.

Мен егер өз адамдарымыздың, біздің мердігерлердің және біздің барлық қызметіміздің қауіпсіздігіне салыстырмалы ойлауды өзгерте алсақ, біз осы тәсілдерді компанияның барлық бизнес-процестеріне кіріктіре аламыз, себебі сол кезде өндірістік тәртіп тұрақты түрде нығаятынына берік сенемін. Мен Қауіпсіздік техникасын әр адамның жеке ісіне айналдыруға шақырамын.

Өндірістік тәртіп пен қауіпсіздік техникасы ережелері мен оларды сақтау арасында тікелей тәуелділік болады. Рәсімдерді сақтау кепілдігі, кезінде орындалмай қалған істерді, келесі іс-шараларды орындау, бір-бірімізге деген қамқорлық – мұның барлығы Қауіпсіздік техникасының әр адамның жеке ісіне айналған белгілері. Егер Сіз қауіпсіздікті өзіңіздің жеке ісіңіз ретінде қабылдасаңыз, онда ешнәрсе жасай алмайсыз, әрине мұны түсіну керек. Қауіпсіздік техникасын жеке өзінің ісі ретінде қабылдау біздің жұмысымыздың табиғи ырғағын және қорғаныштық механизмін қалыптастырады, ал бұл біздің қауіпсіздігімізге кепілдік береді, бізді пайдалы және табысты болуға жетелейді.

Біздің қызметіміздің өзіндік ерекшелігі қауіпті болып табылады. Біз жарақаттанушылық пен зақымдану қатерінің көп болуы, тіпті адам өліміне дейін апаратын жағдайлар болатындығын білеміз. Біз өте күрделі

операциялық жүйеде жұмыс істейміз, мұнда көптеген факторлар бар, яғни қателіктерге, ережелерді толық түсінбеген немесе абайсыз бұзушылықтарға алып келетін факторлар болады. Мұның барлығы адамдар жарақат алатын негізгі себептерге байланысты. Біз осы күрделі жүйеде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласының көшбасшылары болып табыламыз. Барлығымыздың алдымызда түсініксіз рәсімдерді түсінікті рәсімдер, күрделі рәсімдерді қарапайым рәсімдер ретінде жасау міндеті тұр. Міндеттер қою, жабдықтарды жобалау, алдын ала көрегендік таныту және пайда болуы мүмкін қателерге жол бермеу, сондай-ақ қателіктерді түзету немесе жұмыс басталғанға дейін ондай қателіктерді жою. Еңбекті қорғау саласындағы Сіздің көшбасшылығыңыз өзіңізді жігерлендіреді және болып жатқан оқиғаларды шынайы түсінуге, яғни басқару жүйесіндегі кемшіліктерді табуға және түзетуге көмектеседі. Бұл қауіпсіздікті арттыруға арналған қосымша басымдылық болып табылады.

Біздің қызметкерлеріміз, біздің мердігерлеріміз мен сала бойынша әріптестеріміз бір-біріне қамқорлық таныта алатын, егер қауіпті жүргізілген жұмыстарды байқап қалса, үндемей қалмайтын, ешкім өзіндік көзқарасын айтудан қорықпайтын, себебі оның дауысы айқын естілетін компания ретінде мойындаған кезде біздің жолымыздың дұрыс екендігі осыған дәлел бола алады.

Ашық және шынайы жұмыс істейік, бір-бірімізді жарақаттанушылықсыз бизнес-міндеттерімізге қол жеткізуге шақырайық.

Ашық және шынайы болайық, жарақаттанушылықсыз басқа да өндірістік мақсаттарға қол жеткізу жолында бір-біріміздің пікірлерімізді ескерейік.

«ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының барлығында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды әр адамның жеке ісіне айналдырайық.

Сауат МЫҢБАЕВ,

«ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының Басқарма төрағасы.

ТАРИХИ ОРЫНДАРҒА САЯХАТ ЕМЕС, СЕНБІЛІК!

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бастамасымен «Үстірт ескерткіштеріне – ел тағзымы!» атты акциясы өтті. Шара аясында Маңғыстаудың қасиетті тарихи орындарына тазалық жұмыстары жүргізілді.

Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдың айтуынша, адам баласына дәл еңбектей игілікті әсер ететін ештеңе жоқ. Осыны жақсы түсінетін өзенмұнайгаздықтар ораза айының басталғанына қарамастан дәстүрге айналған сенбілікке бір кісідей қатысты. Сенбілікке «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ саясат департаментінің жетекші маманы Айнұр Қалидолдаева, «Өзенмұнайгаз» АҚ Әлеуметтік-әкімшілік департаментінің директоры Тарас Алеуединов, Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Әділ Сүйебай қатысты. Олар Шопан Ата, Бекет Ата тарихи-жәдігерлік орындарындағы құзырхана, түнеуханалардың іші-сыртын ақтап, орындықтарды сырлап, айналасына талдар егіп, маңайын қоқыстан тазартты. Табиғат ана да адамзат баласы көрсеткен құрметті сезгендей, күннің көзі аямай жылуын төгіп, ауа райы да ерекше болды. Сенбілікке 70-тен астам мұнайшы белсенді қатысты.

– Сенбілік – өзенмұнайгаздықтардың салауаттылық пен тазалық тұрғысында бірлікте екендігін көрсететін маңызды шара. Ел ардақтылары жатқан қорымдарға келетін болсақ, оларды қамқорлыққа алу - біздің әрқайсымыздың перзенттік парызымыз. Күннің ыстығына қарамастан, сенбілікке белсенді қатысып, игі шараға өз үлесін қосқан әріптестеріме шын жүректен алғыс білдіремін, - деді Айнұр Қалидолдаева.





ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ

Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлерін зейнеткерлік демалысына жіберді. Кен орынның игерілуіне өз үлестерін қосқан мамандарды басшылық зор құрметпен шығарып салды.

Компания оларды қаладағы «Атамекен» мейрамханасына шақырып, дастархан жайды. Шақырылған 256 адамның 200-ден астамы мекемеде қызмет етіп, әр жылдары зейнеткерлікке шыққандар, ал қалғаны жуық арада көп жылдық еңбектерінің құрметті демалысына аттанып бара жатқандар болды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы Наурыз Сақтағанов: «Сіздер мұнай өндірісіндегі қызық та қиын күндеріңізді артқа тастап, зейнеткерлікке шығып бара жатырсыздар. Компанияның өрлеу кезеңдерінен сіздердің қолтаңбаларыңызды анық танимыз. Бүгіндей күнде сіздерге мықты денсаулық, ұзақ өмір және шаңырақтарыңызға қуаныш пен шаттық тілейміз», – деп ізгі ниетін білдірді. Сондай-ақ компания тарапынан ұзақ жылдар жасаған абыройлы қызметтері үшін зейнеткерлікке шығып бара жатқан бір топ мұнайшыға «Алғыс хаттар» мен «Технодом» сауда үйінің сертификаттары табысталды. Әр

МҰНАЙШЫЛАР ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ШЫҚТЫ



зейнеткердің құшағын гүлге толтырды. Сондай-ақ барлық зейнеткерлерге сыйлықтар табыс етілді. Олар да өз тараптарынан разылықтары мен ақ тілектерін жаудырып жатты. Ал тәңірінің ырзық-несібесін осы компаниядан табуға жазған әр жан еңбектерін бағалап, құрметпен шығарып салып жатқан компа-

ния басшылығына ризашылығын білдірді. Ұжымның мұнай өнімінің жоспарын орындап, алға қойған мақсаттарға қиындықсыз жете беруіне тілектестік білдірді.

Жиналған көпшілікке жаңаөзендік өнерпаздар ән, күйден шашу шашты.



МҰРА

Нұрлан Балғымбаев кітабының тұсаукесері өтті



«Нұрлан Балғымбаев» кітабының жинақтаушы-редакторы, ардагер-мұнайшы Меңдеш Салихов келіп аталған кітап тұсаукесерін өткізді. Салтанатты жиынға ардагер-мұнайшы А.Өтесінов, «Хазармұнай» ЖШС директоры Н.Жұмағұлов, ардагер-мұнайшы Т.Базарбаев, Жаңаөзен ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қ.Бекмағамбетов, Жаңаөзен қалалық-қоғамдық кеңестің төрағасы М.Қожабеков, компания басшылығы мен ұжымы, қала активі қатысты.

Бас директор Бекзат Абайылданов Нұрекеңнің өмірі мен қызметіне, еліміздің тәуелсіздігіне, саяси-экономикалық дамуына қосқан үлесіне тоқталып өтті.

«Қолымызға тиіп отырған кітапта оның адами қырлары, елдік мәселелерді шешудегі табандылығы мен іскерлігі баса көрсетілген. Қазақ мұнайының бастауында Балғымбаевтар әулеті аталады. «Кешегілердің еңбегін елемеген, бүгінгілердің көңіліне қарамаған, ертеңгілерді қарық қылып жарытпас», – депті дана Әбіш. Нұрекеңнің жарқын жүзі бәріміздің жадымызда ұзақ сақталмақ» – деді бас директор.

Меңдеш Салихов ардақты азамат туралы жазылған кітапты компания басшылығына, қалалық кітапханаға, мұнай-газ колледжіне, мұражайға, журналистерге табыстады. Жас маман Жандос Жұбауов өзінің Нұрекеңе жазған арнауын оқыды.

Қазақта «жақсы адам-асыл қазына» деген нақыл бар. Ендеше Нұрекең де елі аман тұрғанша тұрмақ!



ТОПЖАРҒАН

Велюшеруде белсенділік танытты

Биыл тұңғыш рет Жаңаөзенде қаланың 50 жылдық мерейтойына орай велошеру өткізілді. Шараға барлық жастағы шаһар тұрғындарымен қоса Әділбек Дауылбаев бастаған қала активі де белсене қатысты. Шеру Р.Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенінен бастау алды. Марафонның ең жас қатысушылары 6-7 жасар балалар болса, ең үлкен марафоншы 72 жастағы Амангелді Наурызбаев болды.

Велошеруде Жаңаөзен қаласының әкімі Әділбек Дауылбаев сөз алып, жиналған көпшілікті қаланың 50 жылдық мерейтойымен құттықтады. Сондай-ақ ұйымдастырылып отырған шараның бұқаралық спортты дамыту, тұрғындардың салауатты өмір салтын қалыптастыруын насихаттауға бағытталып отырғанын, шараның дәстүрге айналатынын атап өтті. Сонымен бірге жаңаөзендік 5 балаға велосипед тарту етті.

Велошеру нәтижесінде 200-ден аса қатысушының арасынан алты жарым шақырымдық жарыс жолынан бірінші болып келіп, компания қызметкері Сәнім Мұратова жеңімпаз танылды. Қашанда барлық істе белсенділік танытатын Сәнім 20-дан аса өземұнайгаздық, өзге де қала тұрғындары қатысқан марафонда топ жарудың қиын болмағанын айтады.



ҚҰТТЫҚТАУ!

Ардақты
Үсен Өсербайұлы!

Сізді 63 жас – Пайғамбар жасына толуыңызбен құттықтаймыз. Кішіге ізет білдіріп, ақылшы бола білген білікті мамансыз. Қабат қысымын сақтау аға шебері ретінде өзіңіздің жүріп өткен жолыңызды жалғаған ізбасарларыңыз да бар. Оларға әрдайым аға бола білдіңіз. Үлкенге құрмет көрсетіп, қашанда кісілікпен кішіпейілділік таныта алдыңыз. Осынау асқаралы жасыңызда сізге зор денсаулық, мол бақыт тілейміз. Отбасыңыз аман, қуанышыңыз көп болсын!

Ігі тілекпен: №1 МГӨБ ұжымы.

Ардақты
Ырысты Әлқуатова!

Жаны нәзік, жүрегі жұқа әйел заты үшін шыққан әр жасы – бір белес. Сіз өмірге келгелі 55-ші белесті бағындырып отырсыз. Жаңа жасыңыз құтты болсын! Адам әр қырқаға көтерілген сайын оған денсаулықтың қадірі де соғұрлым артады. Сізге біріншіден, зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Қара алтын өндірісіндегі еңбегіңіз еселене берсін. Абырой биігіңіз аласармай, бақытты әйел болыңыз!

Құрметпен: №2 МГӨБ ұжымы

Қадірменді
Ғырысбай Қуатұлы!

Сізді 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Ердің жасында азаматтық істерді атқарып, өткен өмір сабақтарынан жиған мол тәжірибеніңізбен өндірістің тасын өрге домалата беріңіз. Еңбекте мол табыс, өмірде зор денсаулық, отбасыңызға аманшылық пен береке-бірлік тілейміз. Жанұяңыздың күн жағынан көлеңке, жел жағынан пана бола беріңіз. Күйлі-қуатты, бақытты да ғұмырлы болғайсыз.

Ігі тілекпен: АЖТБ ұжымы.

Қадірменді
Сансызбай Ыранбайұлы!

Сізді қырықтың қырқасынан асып, еңселі 50-ге келген мерейтойыңызбен ұжымдастарыңыз шын жүректен құттықтайды. Ақылды да абыройлы азамат ретінде ортада бағаңыз бар. Сол еңбектегі ұтқыр қадамдарыңыз, тың идеяларыңыз бен тұшымды пікіріңіз әрдайым мұнай өндіру ісінде рөл атқарып келеді. Алдағы еңбек жолыңызға толағай табыстар тілейміз. Жанұяңыздың ырыс-несібесі көбейіп, бірлігі арта берсін.

Құрметті
Қадырғали Жұмабаев!

Ердің жасы – 50-ге келген мерейлі сәтіңіз құтты болсын! Өмір көшінде сүрінбей, әкелік, жұбайлық, перзенттік парызыңды адал атқарып келесіз. Әрдайым шаңырағыңыздың тірегі, қамқоршысы болыңыз. Еңбекте де абыройлы, табыстысыз. Өзіңізге тапсырылған қиын да күрмеулі мәселелерді шешіп, өндірістің дамуына өз үлесіңізді қосудасыз. «Елу – тал түс» дей ме? Ендеше алдағы өмірде де жұмыстастар арасында абыройлы, туғанға сыйлы, кейінге үлгі бола беріңіз.

Ізгі тілекпен: №1 МГӨБ ұжымы.



БӨРЕКЕЛДІ

Жарайсыңдар,
АРУЛАР!

Әріптесіміз Күмісай ТӘЖМАҒАМБЕТ «Самұрық-қазына аруы» байқауынан топ жарып, «Самұрық-қазына екінші вице аруы – 2018» титулын иемденіп, 50.000 теңгелік сертификат алды.

Гүлзия ТАЙЖАНОВА «Конгениальность аруы» атағына ие болды. Өзінің ерекшелігімен, өзгешелігімен көзге түскен Гүлзия ұйымдастыру алқасын тәнті етті. Қыз-келіншектер заты нәзік болғанымен, психологиялық тұрғыдан өте мықты болып келеді. Аруларымыздың қиялы шексіз, ал шығармашылық қабілеттері одан да керемет!

Аяулы арулар! Жеңістеріңіз құтты болсын! Бұл тек сіздердің жеңістеріңіз емес, «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының жеңісі! Алар асуларыңыз көп болсын!

Кәсіподақтар арасында
волейбол турнирі өтті

Ақтауда кәсіподақтар арасында волейболдан жарыс өтті. Турнир Кәсіподақ федерациясының кубогы үшін үшінші жыл ұйымдастырылды. Дәстүрлі сайысқа өңірдің ірі компаниялары мен денсаулық сақтау, білім беру мекемелерінің кәсіподақ ұйымдарының атынан 13 команда қатысты.

Жарысты облыстық кәсіподақ ұйымы үшінші рет ұйымдастырды. Мақсат – сайыстарды жиі өткізу арқылы бұқаралық спортты дамыту. Мекемелер арасындағы қарым-қатынасты арттырып, кәсіподақтардың жұмысын көтеру болды. Ауқымды шара бойынша Маңғыстау облыстық Кәсіподақ орталығының төрағасы Қайрат Жаңабеков:

«Биыл кәсіподақтар үшін айтулы жыл. Себебі Маңғыстау облыстық кәсіподақ ұйымына 45 жыл болып отыр. Айтулы мерекеге байланысты осындай шаралар ұйымдастырылып жатыр. Жалпы волейбол жарысы үшінші рет өткізіліп жатыр. Облыс бойынша спартакиада өткізу де алдағы күннің еншісінде тұр. Жалпы ұйымдастыруда негізгі мақсат – ұйым мүшелерін салауатты өмірге шақыру, спортқа баулу»-дейді.

13 команда жарысты 3 топқа бөліп өткізді. Алаңға алғашқы болып мұнайшылар мен білім беру ұйымдарының командалары шықты.

Жарысқа қатысқан «Өзенмұнайгаз» АҚ командасы жүлделі екінші орынды иеленді. Жеңімпаз және жүлдегер командаларға кәсіподақ атынан қаржылай сый әзірленген және турнирдің үздік ойыншысына арнайы жүлде тағайындалды.

Тазалық айлығы қорытындыланды

«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері сенбілік жұмыстарына белсенді қатысты.

Әр басқарма өздеріне қарасты аумақты қатты қалдықтардан арылтып, көгалдандырды. Тазалық айлығының соңында жас мамандар Құланды ауылы маңындағы ипподромда болып, жүйріктердің тұяғына зиян келтірмес үшін атшабар алаңындағы уақ тастарды алды. Ипподромға баратын тас жолдың бойындағы қоқыстарды тазалады. Жер қопсытып, тал егіп, раушан гүлдерін отырғызды. Абаттандыру жұмыстарына Орынбасар Құлбеков бастаған азаматтармен бірге Жаңаөзен қалалық спорт бөлімі, Жастар орталығының мамандары, спортшылар да барып, белсенділік танытты. Барлығы біріге жүк көтеріп, «бірлік барда – тірлік барын» тағы бір дәлелдеді.